

Микронесие беру туралы Шарттың типтік
нысандарының №1 қосымшасы
«Тойота Файнаншл Сервисез Қазақстан» МҚҰ» ЖШС
Президент қызметін атқарушы 2016 жылғы 12 қазан күні
№ 11-PM-16; № 12-PM-16 ;№ 13-PM-16 бұйрығымен бекітілді

АНЫҚТАМАЛАР МЕН ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР

1. Шартта өзгесі тікелей қарастырылмаса, осы Шартта және оның Қосымшаларда қолданылатын барлық терминдер мен анықтамалар келесі мағынаға ие:

«Жылдық Сыйақы Мөлшерлемесі»	Тиімді	Сыйақыны, бар болса, комиссиялық және басқа төлемдерді қамтитын, Микронесие беру, қызмет көрсету және өтеу (қайтару) үшін ТФС төленуі тиіс басқа төлемдерді қамтитын Микронесие алушының шығыстарын есепке ала отырып есептелетін, Микронесие бойынша шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептелетін сыйақы мөлшерлемесі. Жылдық Тиімді Сыйақы Мөлшерлемесі Қолданыстағы заңнамаға сәйкес есептеледі.
«Сатып шарты»	алу-сату	Сатып алушы ретінде Микронесие алушы мен сатушы ретіндегі Дилердің арасында тиісті түрде Көлік құралын сатып алу-сатуға қатысты жасалған Сатып алу-сату шарты
«Микронесие беру туралы шарт»		Осы Шарт
«Дилер»		Toyota немесе Lexus маркалы автомобильдерді сату бойынша қызметті жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлға
«Микронесие»		Микронесие сомасын көлік құралын сатып мақсатында Дилердің ағымдық шотына және/немесе ерікті сақтандыру мақсатында сақтандыру компаниясының (компанияларының) ағымдық шотына (шоттарына) ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен аудару жолымен ТФС тарапынан Микронесие алушыға Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен берілетін микронесие (акша).
«Кепіл»		Кепіл беруші ретінде Микронесие алушы және кепіл ұстаушы ретінде ТФС арасында жасалған автокөлік құралын кепілге қою шартына сәйкес Көлік құралын кепілге қою, сондай-ақ Микронесие алушының немесе үшінші тұлғаның Микронесие алушының осы Шарт бойынша міндеттемелерінің қосымша қамсыздандыруы ретінде немесе Кепіл нысанын ауыстырған жағдайда ұсынған өзге нысанды кепілге қою.
«Қолайсыз жағдайлар»		Шарттың жасалуына дейін туындаған үшінші тұлғалардың Көлік құралын айдап әкетуі, ұрлауы, оған қатысты кепілдік құқықтары, тыйым салулар немесе өзге де ауыртпалықтар немесе талаптар, сот, арбитраж немесе өзгелердің шешімдері немесе мемлекеттік органдардың актілері, сондай-ақ нәтижесінде Дилердің немесе Микронесие алушының Көлік құралына иелік етуі заңсыз болып табылатын немесе Дилердің немесе Микронесие алушының Көлік құралына меншік құқығын даулау қаупі бар өзге де әрекеттер мен оқиғалардың айқындалуы.
«Микронесие ережелері»	беру	Қолданыстағы заңнамаға сәйкес әзірленген және микронесие беру қағидаларын, рәсімдері мен талаптарын анықтайтын ТФС ішкі ережелері
«Кепіл нысаны»		Микронесие беру туралы шарт шеңберінде берілген Микронесие

	сомасының есебінен сатып алынатын және кепіл беруші ретінде Микронесие алушы мен кепіл ұстаушы ретінде ТФС арасында жасалған автокөлік құралын кепілге қою шартына сәйкес Микронесие алушының Микронесие беру туралы шарт бойынша міндеттемелерін қамсыздандыру үшін кепілге ұсынылған Көлік құралы, сондай-ақ Микронесие алушының немесе үшінші тұлғаның Микронесие алушының осы Шарт бойынша міндеттемелеріне қосымша қамсыздандыру ретінде немесе Көлік құралы ауыстырылған кезде ұсынған өзге мүлігі
«ТФС өкілі»	ТФС тарапынан сенімхат және/немесе өзге де құжат негізінде Микронесие алушыдан құжаттар қабылдауға, ТФС атынан шарттарға қол қоюға, Микронесие алушыларға Өтеу кестелерін беруге, сондай-ақ сенімхатта және/немесе өзге де құжатта қарастырылған өзге де әрекеттерді жасауға өкілеттік берілген жеке тұлға. ТФС өкілі Дилердің ғимаратында/бөлмесінде орналасады.
«Қолданылатын заңнама»	Микронесие беру туралы шартқа қол қойылған кезде қолданылатын Қазақстан Республикасының заңнамасы
«Қосалқы микронесие алушы»	Микронесие алушымен бірге шартқа қол қоятын, алынған Микронесиені қайтару бойынша міндеттемелерді, сондай-ақ Микронесие бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеуді міндеттемелерді орындауды қоса алғандағы, бірақ бұлармен шектелмейтін Микронесие алушымен бірге осы Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуы үшін ортақ жауапкершілік көтеретін жеке тұлға.
«Тараптар»	Микронесие алушы, Қосалқы микронесие алушы (бар болса) және ТФС. «Тарап» олардың әрқайсысын білдіреді.
«Өтеу шоттары»	ТФС «Қазақстанның Халық банкі» АҚ-ында ашылған KZ466010131000248408 ағымдық шоты ТФС «Қазкоммерцбанк» АҚ-ында ашылған KZ529261802169591000 ағымдық шоты
«Көлік құралы»	Микронесие беру туралы шартта көрсетілген бір немесе бірнеше көлік құралы және олардың ажырамас жақсартылулары

2. Контекстте басқаша көрсетілмесе, жекеше түрде берілген терминдер мен анықтамаларға жасалған кез келген сілтемелер көпше түрдегі терминдер мен анықтамаларға жасалған және керісінше сілтемелерді де білдіреді.
3. Тікелей өзгесі көрсетілмесе, бапқа, тармаққа жасалған сілтеме осы Шарттың бабына немесе тармағына жасалған сілтеме болып табылады.
4. Тақырыпшалар сілтеме жасауға ыңғайлы болу үшін келтірілген және осы Шартты түсіндіру үшін қолданылмайды.

Микронесие беру туралы Шарттың типтік
нысандарының №2 қосымшасы
«Тойота Файнаншл Сервисез Қазақстан» МҚҰ» ЖШС
Президент қызметін атқарушы 2016 жылғы 12 қазан күні
№ 11-РМ-16; № 12-РМ-16 ;№ 13-РМ-16 бұйрығымен бекітілді

ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

1. Жалпы ережелер.

- 1.1. Осы Шарт преамбулада көрсетілген Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Микронесие алушының осы Шарт бойынша ТФС алдындағы барлық міндеттемелерін толық орындауына дейін немесе Қолданылатын заңнамаға сәйкес Шартты тоқтатудың өзге негіздемелері орын алғанға (туындағанға) (бұлардың қайсысы бұрын орын алуына байланысты) дейін күшінде болады.
- 1.2. Қолданылатын заңнамада және осы Шартта қарастырылған жағдайларды қоспағанда осы Шартты орындаудан біржақты бас тартуға және осы Шартты біржақты өзгертуге, толықтыруға және/немесе бұзуға жол берілмейді.
- 1.3. Осы құжат арқылы Тараптар Микронесие алушы мен Қосалқы микронесие алушы бірге бұдан әрі осы Шарттың мәтіні бойынша Микронесие алушы деп аталатын бір Тарап болып табылады деп келісті, бұл ретте Микронесие алушының барлық құқықтары мен міндеттері Микронесие алушыға да, Қосалқы микронесие алушыға да теңдей дәрежеде қатысты. Микронесие алушы мен Қосалқы микронесие алушы осы Шартта қарастырылған талаптарды толық көлемде орындайды және міндеттерін толық көлемде көтереді, сондай-ақ осы Шарт бойынша ортақ жауапкершілік көтереді. Микронесие алушыға жасалған барлық сілтемелер бірге алынған Микронесие алушы мен Қосалқы микронесие алушыны да, олардың әрқайсысын жеке-жеке де білдіреді.

2. Микронесие беру тәртібі.

- 2.1. Микронесие Дилердің және қолданылатын болса, сақтандыру компаниясының (компанияларының) ағымдағы шотына Микронесие сомасын аудару арқылы беріледі.
- 2.2. Осы Шартқа сәйкес Дилердің шотына және қолданылатын болса, сақтандыру компаниясының (компанияларының) шотына ақша аударылған күн Микронесие берілген күн болып табылады. Ақшаның Өтеу шоттарына келіп түскен күні Микронесиенің қайтарылу күні болып табылады. Микронесие берілген күн және толық көлемде қайтарылған күн 1 (бір) күн деп қабылданады, бұл орайда бір жыл 360 (үш жүз алпыс) күнге, бір ай 30 (отыз) күнге тең деп қабылданады.
- 2.3. Микронесиені пайдалану сыйақысы Микронесиенің нақты қалдық өтелінбеген сомасына (оның ішінде кешіктірілген Негізгі борыш сомасына) Микронесие берілген күннен бастап Микронесиені нақты қолдану күндерінің мөлшері үшін, бұл ретте 1 жыл 360 (үш жүз алпыс) күнге, ал 1 ай 30 (отыз) күнге тең болып саналады, күнделікті есептелінеді.
- 2.4. Егер Негізгі борышты және/немесе сыйақыны өтеу күні демалыс немесе мереке күніне түсетін болса, Микронесие бойынша төлем осы күннен кейінгі бірінші жұмыс күніне ауысады және де Өтеу кестесінде көрсетіледі.
- 2.5. Осы құжат арқылы Микронесие алушы ТФС Қолданылатын заңнамада белгіленген тәртіппен және шарттармен оның Микронесие алушы және осы Шарттың жасалуы туралы мәліметтерді, сондай-ақ Тараптардың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауымен байланысты (соның ішінде Микронесие алушының осы Шарт бойынша міндеттемелерін қамсыздандыру құрамы және тәсілдері туралы) ақпаратты «Бірінші несие кеңсесі» ЖШС, «Мемлекеттік несие кеңсесі» АҚ және өзге де несие бюроларының (бұдан әрі – «Несие кеңселері») деректер базасына тіркеу үшін ұсынуына және ТФС Микронесие алушы туралы несиелік есеп берулерді алуына келісімін береді.
- 2.6. Осы құжат арқылы Микронесие алушы ТФС коммерциялық құпияны, микронесие беру құпиясын және Қолданылатын заңнама арқылы қорғалатын өзге кез келген құпияны үшінші тұлғалардың пайдасына ашуға шартсыз, мерзімсіз және қайтарып алынбайтын келісімін береді.

Сонымен бірге Қарыз алушы коммерциялық құпияны, Микронесиені ұсыну құпиясын және Қолданылатын заңнама бойынша кез келген басқа құпияны кез келген үшінші жақтарға ашуға ТФС-ке қазіргі жазбаша келісімін ТФС бөлмесінде өзінің қатысуымен өткен осы Шартқа қол қою кезінде Қолданылатын заңнама бойынша белгіленген тәртібімен берді деп куәландырады.

3. Микронесие алушының осы Шарт бойынша міндеттемелерін лайықты орындауын қамтамасыз ету.

3.1. Осы Шарт бойынша Микронесие алушының міндеттемелерін лайықты орындауының қамсыздандырылуы келесілер болып табылады:

- (i) автокөлік құралын кепілге қою шартының талаптарымен Көлік құралын кепілге қою;
- (ii) осы Шартта және автокөлік құралын кепілге қою шартында белгіленген талаптармен Көлік құралын сақтандыру;
- (iii) осы Шартта қарастырылған айып (айыппұл, өсімақы);
- (iv) Микронесие алушының өзге сақтандыру мүддесін ТФН пайдасына сақтандыру.

3.2. ТФС көзқарасы тұрғысынан осы Шарттың жарамдылық мерзімінің ішінде қамсыздандыруды ұсынған тұлғалардың бірінің төлем қабілеттілігі нашарлаған жағдайда немесе ТФС автокөлік құралын кепілге қою шарты бойынша құқықтарының әрекеті тоқтаған кезде, жарамсыз болып қалған кезде, жүзеге асыру мүмкін емес болған кезде мұндай мүмкін еместіктің орын алуының себептеріне қарамастан, сондай-ақ ТФС көзқарасы тұрғысынан Кепіл нысанының өзге де нашарлауы жағдайында Микронесие алушы ТФС бірінші талап етуі бойынша ТФС пікірі бойынша Микронесие алушының осы Шарт бойынша төлем міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету үшін қажетті түрдегі және мөлшердегі қосымша қамсыздандыруды ұсынуға міндетті. Кепіл нысаны ТФС жауап бермейтін мән-жайларға байланысты жоғалған немесе оның күйі мен күтім жағдайлары нашарлаған күнде ТФС Микронесие алушыдан ТФС талабында қарастырылған мерзім ішінде Микронесие сомасын мерзімінен бұрын қайтаруды және тиісті сыйақыны төлеуді талап етуге құқылы. Осы пункттің ережелері Микронесие алушының осы Жалпы талаптарда қарастырылған өзге негіздемелер бойынша ТФС бүкіл Микронесие сомасын қайтару міндеттемесіне әсер етпейді.

3.3. Микронесие алушының осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету мақсатында ТФС Микронесие алушының Қолданылатын заңнамада белгіленген тәртіппен өндіріп алуға болатын кез келген мүлігін өндіріп алуға құқылы.

3.4. Тараптар осы құжат арқылы Микронесиеда қайтару бойынша және Кепіл нысанын сату бойынша шығыстарды қоса алғанда ТФС бүкіл шығыстары Микронесие алушы тарапынан өтеледі деп шартсыз келісті.

3.5. Микронесие беру туралы шарт Микронесие алушының осы Шарт бойынша белгіленген мерзім ішінде ТФС алдындағы міндеттемелерін толық төлеуінің және орындалуының қамсыздандырылуы ретінде жүрілген Көлік құралына қатысты жасалса, Микронесие алушы осы құжат арқылы ТФС пайдасына Сатып алу-сату шарты бойынша сатушы ретінде Дилерге Қолайсыз жағдайлар үшін Дилердің жауапкершілігі бөлігінде («Шегінім») өзінің барлық құқықтарын (талаптарын) шегініп береді. Микронесие алушы осы Шартты жасасқан сәттен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде ТФС Дилерге Шегінім туралы жазбаша хабарламасының Шегінуге келісімін растайтын Дилердің қолы қойылған көшірмесін ұсынуға міндеттенеді. Осы Шартқа сәйкес жасалған Шегінуге қарамастан Дилер Қолайсыз жағдайлар кезінде Дилер тарапынан төленуі тиіс қандай да бір сомаларды Микронесие алушының пайдасына төлесе, Микронесие алушы мұндай сомаларды алған сәтінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде оларды толық мөлшерде осы Шарт бойынша берешекті өтеудің есебіне Өтеу шотына аударуға міндетті.

4. Микронесиені өтеу тәртібі.

4.1. Микронесие алушы осы Шарт бойынша берілген Микронесие сомасын мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтаруға құқылы. Бұл ретте Микронесие алушы Микронесиенің

- пайдаланылған бөлігіне осы Шарт бойынша Микронесиені қайтару күніне сәйкес есептелген сыйақы төлеуге міндетті.
- 4.2. Микронесиені мерзімінен бұрын толық немесе ішінара өтеу Микронесие алушының жазбаша өтінішінің негізінде, алайда Микронесиені толық немесе ішінара өтеу шотына ақшаның іс жүзінде келіп түсу күнінен ертелетпей жүзеге асырылады.
 - 4.3. Микронесие алушының Микронесиені толық немесе ішінара өтеу туралы жазбаша өтініші болмаған жағдайда енгізілген ақша сомасы қолданыстағы Өтеу кестесіне сәйкес Микронесие бойынша кезекті төлемнің (төлемдердің) алдын ала төлем деп танылады.
 - 4.4. Микронесиені толық мерзімінен бұрын өтеу мақсатында Микронесие алушы жоспарланған микронесиені толық өтеу күніне сәйкес оның ағымдағы берешегін анықтау үшін ТФС хабарласады, көрсетілген соманы Микронесиені өтеу шотына енгізеді, Микронесиені толық өтеу туралы жазбаша өтініші мен ТФС өкіліне төлем жүргізілгендігі туралы құжаттың көшірмесін ұсынады.
 - 4.5. ТФС Жалпы талаптардың 4.4 пунктінде көрсетілген құжаттарды алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде және Микронесие алушының ағымдағы берешегін толық өтеуге жеткілікті ақша сомасы бар болса, Микронесиені толық мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асырады және Микронесие алушыға Кепіл нысанына ауыртпалықты шешу үшін қажетті құжаттарды ұсынады. Микронесие алушыға Кепіл нысанынан ауыртпалықты шешу үшін қажетті құжаттарды пошта арқылы жөнелту мерзімдері осы пунктте көрсетілген 5 (бес) жұмыс күні есебіне кірмейді.
 - 4.6. Жалпы талаптардың 4.4 пунктінде көрсетілген құжаттарды алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде Микронесие алушыға Микронесие алушының Микронесиені мерзімінен бұрын толық өтеу күніне сәйкес ағымдағы берешегінен асып түсетін Микронесиені мерзімінен бұрын өтеу есебіне артық төленген соманы қайтарады.
 - 4.7. Микронесиені ішінара мерзімінен бұрын қайтару мақсатында Микронесие алушы қалаған сомасын Микронесиені өтеу шотына енгізеді, Микронесиені ішінара мерзімінен бұрын өтеу туралы жазбаша өтініші мен ТФС Өкіліне төлем жүргізілгендігі туралы құжаттың көшірмесін ұсынады.
 - 4.8. ТФС Жалпы талаптардың 4.7 пунктінде көрсетілген құжаттарды алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде Микронесиені қайта құрылымдауды жүргізеді, осы Шартқа қосымша келісімді және Микронесие алушының Микронесиені ішінара мерзімінен бұрын өтеу есебіне енгізген соманы есепке ала отырып жаңа Өтеу кестесін дайындайды және оны қол қоюы үшін Микронесие алушыға береді.
 - 4.9. Осы құжат арқылы Микронесие алушы ТФС ұсынған осы Шарттың қосымша келісімі мен Өтеу кестесіне оларды алған сәттен бастап 3 (үш) күннің ішінде қол қоюға міндеттенеді, және Микронесие алушы оларға сәйкес Микронесиені өтеуді және Микронесие бойынша сыйақы төлемін жүзеге асыратын болады. Микронесие алушы осы Шарттың қосымша келісімі мен Өтеу кестесіне қол қоядан бас тартқан жағдайда Микронесие алушының Микронесиені ішінара мерзімінен бұрын өтеу есебіне енгізген сомасы қолданыстағы Өтеу кестесіне сәйкес Микронесиенің кезекті төлемінің (төлемдерінің) алдын ала төлем деп саналады.
 - 4.10. ТФС берген Микронесиені өтеу мерзімін шегіндіруден кейін Микронесиені мерзімінен бұрын өтеу жағдайында Микронесие алушы осы құжат арқылы Микронесие бойынша негізгі микронесиені және шегіндірілген мерзімге есептелген бірақ мерзімінен бұрын өтеу сәтінде төленбеген Микронесиені пайдаланғаны үшін сыйақыны төлеуге міндеттенеді.
 - 4.11. Сақтандыру жағдайы орын алған кезде ТФС пайда алушы болып табылатын сақтандыру шарты бойынша ТФС пайдасына сақтандыру өтемақысы ретінде ТФС келіп түскен сомаларды ТФС Микронесие алушының осы Шарт бойынша Микронесиенің берешегін, есептелген сыйақыны және өзге де сомаларды өтеуге бағыттайды.
 - 4.12. Алынған сақтандыру өтемақысы Микронесие алушының осы Шарт бойынша Микронесие, сыйақы және өзге де сомаларының мөлшерінен асып түсетін болса, ТФС сақтандыру өтемақысының есебінен Микронесие алушының осы Шарт бойынша Микронесиенің,

есептелген сыйақысын және өзге де сомаларының берешегін өтеген күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде сақтандыру өтемақысы мен осы Шарт бойынша Микронесиенің, сыйақының және өзге де сомалардың берешегінің айырмасын (бұдан әрі – **Сақтандыру өтемақысының қалдығы**) төлем деректемелеріне және Микронесие алушының ТФС аудару сәтіне дейін алдын ала ұсынған Сақтандыру өтемақысының қалдығын аудару туралы өтінішінде көрсетілген нұсқауларға сәйкес Микронесие алушының банктік шотына аударады.

- 4.13. Микронесие алушы қайтыс болған жағдайда ТФС Сақтандыру өтемақысының қалдығын төлем деректемелеріне және мұрагердің (мұрагерлердің) нұсқаулықтарына сәйкес немесе Қолданылатын заңнамаға сәйкес осындай нұсқауларды беруге өкілеттігі бар өзге тұлғалар мен органдардың төлем нұсқауларына сәйкес Микронесие алушының мұрасын қабылдаған мұрагерінің (мұрагерлерінің) банктік шотына (шоттарына) аударады.
- 4.14. Алынған сақтандыру өтемақысы Микронесие алушының осы Шарт бойынша Микронесиенің, сыйлықақысының және өзге де сомаларының берешегін толық көлемде өтеу үшін жеткіліксіз болған жағдайда ТФС Микронесие алушыдан сақтандыру өтемақысы келіп түскен күннен кейінгі 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде сақтандыру өтемақысы мен Микронесие бойынша, соның ішінде сыйақылар мен өзге де сомалар бойынша берешек сомасының айырмасын Өтеу шоттарына енгізуді талап етуге құқылы, ал Микронесие алушы осы берешек сомасын енгізуге міндетті.
- 4.15. Айыппұл санкцияларын есептеу және ұсыну тараптардың міндеттері емес, құқытары болып табылады және егер олар ұсынылмаса, онда есептеуге және төлеуге жатпайды.

5. Құқықтар мен міндеттер және қуәландырулар

5.1. Микронесие алушы:

- 5.1.1. Микронесиелер беру ережелерімен, сондай-ақ ТФС микронесиелер беру бойынша тарифтерімен танысуға;
 - 5.1.2. Көлік құралы Сатып алу-сату шартының қол қойылған данасын ұсынғаннан, осы Шартқа қол қойғаннан, автокөлік құралын кепілге қою шартын өкілетті мемлекеттік органдар тіркегеннен және Өтеу кестесіне қол қойғаннан кейін Дилердің және қолданылатын болса, сақтандыру компаниясының (компанияларының) ағымдық шоттарына аудару жолымен Микронесие сомасын беруді талап етуге құқылы. Егер Микронесие беру туралы шарт жүрілген Көлік құралына қатысты жасалған болса, Сатып алу-сату шартында ТФС пішіні және мазмұны бойынша қанағаттандыратын сатушы ретіндегі Дилердің сатып алушы ретіндегі Микронесие алушы алдындағы Қолайсыз жағдайлар үшін жауапкершілігі туралы ережесі болуы тиіс, мұндай ереже болмаған жағдайда Микронесие алушы Микронесиенің берілуін талап етуге құқылы емес, ал ТФС Микронесиені беруге міндетті емес;
 - 5.1.3. Қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен өз құқықтарын қорғауға;
 - 5.1.4. осы Шартта анықталған тәртіпте және талаптарға сәйкес Өтеу кестесінде қарастырылған сомада Микронесиені және сыйақыны мерзімінен бұрын ішінара немесе толық қайтаруға құқылы.
 - 5.1.5. Қолданыстағы заңнамада және осы Шартта белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.
- 5.2. Микронесие алушы осы Шарт бойынша өзінің құқықтарын ТФС алдын ала берген жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаға беруге құқылы емес.
 - 5.3. Микронесие алушы:
 - 5.3.1. осы Шартқа қол қойған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінің ішінде Кепіл нысанын ТФС анықтаған сақтандыру компаниясында (компанияларында) осы Шартқа және автокөлік құралын кепілге қою шатына сай осы Шарттың бүкіл жарамдылық мерзіміне опат болудан, жоғалтудан немесе бүлінуден сақтандыруға және осы әрекетпен байланысты шығыстарды көтеруге;

- 5.3.2. осы Шартта белгіленген мерзімде және тәртіппен алынған Микронесие сомасын уақтылы және толық сомада қайтаруға және ол бойынша сыйақы төлеуге;
- 5.3.3. Микронесие толық немесе ішінара уақтылы қайтарылмағанда және/немесе ол бойынша сыйақы төленбеген жағдайда ТФС осы Шартпен анықталған мөлшерде және тәртіпте тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) төлеуге;
- 5.3.4. ТФС осы Шартқа және Қолданылатын заңнамаға сәйкес сұратқан құжаттары мен мәліметтерін ТФС талабында көрсетілген мерзім ішінде ұсынуға;
- 5.3.5. Көлік құралының Микронесиені беру күнінде сатып алынуы ТФС арқылы несиелендірілетін көлік құралдарына қойылатын ТФС талаптарына сәйкес болуын қамтамасыз етуге;
- 5.3.6. осы Шарт бойынша міндеттемелерінің орындалуына кедергі келтіретін жағдайлардың басталуы туралы, соның ішінде жазатайым оқиға басталғанда немесе Микронесие алушының денсаулығына басқаша зиян келген жағдайда, сақтандыру уақиғасы басталуы немесе Микронесие алушының қаржы жағдайы нашарлаған жағдайда, Микронесие алушының мүлкіне тыйым салынғанда, сондай-ақ Микронесие алушы үшінші тұлғалар тарапынан шағымдар және/немесе талап арыздар алған жағдайда ТФС кідірместен хабарлауға;
- 5.3.7. жеке куәлігі (паспорты), мекенжайы, жұмыс орны, сондай-ақ микронесие беруге ұсынылған өтініш-анкетада көрсетілген өзге де мәліметтер, байланыс деректері/деректемелері өзгерген жағдайда өзгеріс болған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей осы Шарттың талаптарына сәйкес ТФС хабарлама жіберуге;
- 5.3.8. Кепіл нысанының бүтіндігін тексеру мақсатында оны қарап тексеру үшін ТФС уәкілетті тұлғаларына кіруге рұқсат беруге/кіруін қамтамасыз етуге міндетті. Тексерулер саны мен мерзімін ТФС анықтайды;
- 5.3.9. Осы Шартта, автокөлік құралын кепілге қою шартында және Қолданылатын заңнамада қарастырылған жағдайларда ТФС алдын ала жазбаша келісімімен немесе оның жазбаша талап етуімен ТФС талабында көрсетілген мерзім ішінде Кепіл нысанын өзге құны бірдей және өтімді мүлікке ауыстыруға;
- 5.3.10. ТФС талабында көрсетілген мерзім ішінде Микронесие алушының осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауын ТФС талаптарын қанағаттандыратын қосымша қамтамасыз етуді ұсынуға немесе кепіл беруші ретінде үшінші тұлғалардың ұсынуын қамтамасыз етуге;
- 5.3.11. осы Шартта және Қолданылатын заңнамада қарастырылған жағдайларда ТФС талап етуімен осы Шарттың және Қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес ТФС талабында көрсетілген мерзімнің ішінде Микронесие сомасын мерзімінен бұрын қайтаруға/төлеуге, тиесілі сыйақы, айыппұлдар және өсімақы (бар болса) сомасын төлеуге міндетті;
- 5.3.12. ТФС талап етуі бойынша ТФС Микронесие алушының меншігіндегі мүлік туралы құжатты түрде расталған мәліметтерді, сондай-ақ Микронесие алушының табысын растайтын құжаттарды ТФС талабында көрсетілген мерзім ішінде ұсынуға;
- 5.3.13. Кепіл нысаны осы Шарттың бүкіл жарамдылық мерзімінің ішінде үздіксіз ТФС анықтаған сақтандыру компаниясында сақтандырылатындай етіп сақтандырудың тоқтауына немесе уақытша тоқтатылуына жол берместен осы Шарттың бүкіл жарамдылық мерзімінің ішінде Көлік құралын Кепіл нысанының Көлік құралын сақтандыру шартын жасасу (ұзарту) сәтіндегі ағымдағы нарықтық құнынан кем емес сақтандыру сомасына сақтандыру шартын жасауға (ұзартуға);
- 5.3.14. Микронесие беру туралы шарт жүрілген Көлік құралына қатысты жасалған болса, Сатып алу-сату шартының Сатушы ретіндегі Дилердің сатып алушы ретіндегі Микронесие алушы алдындағы жауапкершілігі бөлігіндегі талаптарын өзгертпеуге және ТФС алдын ала берген жазбаша келісімінсіз Сатып алу-сату шартын бұзбауға;

- 5.3.15. Қолданылатын заңнамада және осы Шартта белгіленген өзге де талаптарды орындауға міндетті.
- 5.4. ТФС:
- 5.4.1. бір жақты тәртіппен Микронесие бойынша сыйақы мөлшерлемесін кемітуге;
- 5.4.2. тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) мөлшерін кемітуге немесе оны толық немесе ішінара алып тастауға, ол алынбайтын уақыт мезгілін белгілеуге;
- 5.4.3. тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімақыны) өндіріп алудан бас тарту туралы шешім қабылдауға;
- 5.4.4. Микронесие алушының осы Шарт бойынша жаңа ақшалай міндеттемелерінің туындауына немесе бұрыннан бар ақшалай міндеттемелерінің мөлшерінің ұлғаюына алып келмейтін болса, Жалпы талаптарды өзгертуге;
- 5.4.5. Микронесие алушыдан Микронесиелер беру туралы ережелерде анықталған және Қолданылатын заңнамаға сәйкес қажетті осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұратуға;
- 5.4.6. Микронесие алушыдан Микронесие бойынша тиісті сыйақысын, өсімақылары мен айыппұлдарын төлей отырып берешегін мерзімінен бұрын өтеуін талап етуге, сондай-ақ Қолданылатын заңнамада белгіленген тәртіппен және автокөлік құралын кепілге қою шартына сәйкес Микронесие алушының осы Шартты бұзуының төмендегі кез келген жағдайларының бірінде Кепіл нысанын өндіріп алуға:
- (i) Микронесие алушы осы Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін орындамайды немесе лайықты түрде орындамайды;
 - (ii) Микронесие^{нің} мақсатсыз пайдаланылуы;
 - (iii) Микронесие алушының бұрыс ақпарат беру деректерінің айқындалуы;
 - (iv) осы Шартқа сәйкес берілген Микронесие бойынша және Микронесие^{ні} пайдаланғаны үшін сыйақы бойынша мерзімі кешіктірілген берешектің түзілуі;
 - (v) Кепіл нысанының күйінің нашарлауы (опат болуы, бүлінуі, құнсыздануы және т.с.с.);
 - (vi) осы Шарттың бүкіл жарамдылық мерзімінің ішінде Кепіл нысанын сақтандыру бойынша талаптың орындалмауы;
 - (vii) кепіл беруші қайтыс болса;
 - (viii) Микронесие алушы сот үдерісіне қатыстырылса, және/немесе Кепіл нысанына тыйым салынса немесе өндіріп алу әрекеті қолданылса (немесе осындай мән-жайлардың орын алуының нақты қауіпі бар болса);
 - (ix) егер Микронесие алушыға қарсы мемлекеттік органдардың қандайда да бір актісі, соның ішінде осы Шарт және автокөлік құралын кепілге қою шарты бойынша міндеттемелерінің орындалуына кедергі болатын сот актілері қабылданса;
 - (x) Микронесие алушы Микронесие алушының ТФС осы Шартта және/немесе автокөлік құралын кепілге қою шартында ұсынған қандай да бір куәландыруын немесе кепілдігін бұзса;
 - (xi) Микронесие алушы автокөлік құралын кепілге қою талаптарын бұзса және/немесе Кепіл нысаны Микронесие алушының иелігінен шығып қалса;
 - (xii) Микронесие алушы осы Шартта, автокөлік құралын кепілге қою шартында және Қолданылатын заңнамада қарастырылған жағдайларда ТФС Кепіл нысанын ауыстыру немесе қосымша кепіл ұсыну туралы талабын ТФС жазбаша талап қоюынан кейін 14 күнтізбелік күннің ішінде орындамаса, немесе Микронесие алушы автокөлік құралын кепілге қою шартында белгіленген келесі кепілге қоюға (қайта кепілге қоюға) салынған тыйым туралы ережені бұзса;
 - (xiii) Микронесие алушының қаржылық жағдайы елеулі жағымсыз өзгерістерге ұшыраса, және бұл ТФС пікірі бойынша Микронесие алушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін лайықты түрде орындау қабілетіне кері әсер ететін болса;

- (xiv) осы Шарт жүрілген Көлік құралына қатысты жасалса, Қолайсыз жағдайлардың айқындалуы немесе орын алуы;
 - (xv) Микронесие алушының осы Шартта және автокөлік құралын кепілге қою шартында белгіленген талаптармен Кепіл нысанын сақтандыру бойынша міндеттемелерін орындамауы;
 - (xvi) Микронесие алушының Кепіл нысанының бүтіндігін қамтамасыз ету үшін, соның ішінде үшінші тұлғалар тарапынан қол сұғулар мен талаптардан қорғау үшін қажетті шараларды қолдану бойынша міндеттемелерін орындамауы;
 - (xvii) Микронесие алушының ТФС Кепіл нысанының бар болуын, санын, күйін және сақталу жағдайларын (күтімін) құжаттар бойынша және іс жүзінде тексеру құқығын қамтамасыз ету міндеттемелерін орындамауы;
 - (xviii) Микронесие алушының осы Шартты Кепіл нысанына иелік етуге қатысты ережелерін орындамауы;
 - (xix) Микронесие алушының Кепіл нысанының жоғалуына немесе оның құнының төмендеуіне алып келуі мүмкін әрекеттерді жасамау бойынша міндеттемелерін орындамауы;
 - (xx) Микронесие алушының Кепіл нысанын жоғалту немесе бүлдіру қаупінің туындағаны туралы, үшінші тұлғалардың Кепіл нысанына талап қоюы, үшінші тұлғалардың Кепіл нысанына құқықтарды бұзуы туралы ТФС кідірместен хабарлау бойынша міндеттемелерін орындамауы;
 - (xxi) кез келген себептер бойынша Көлік құралын Дилерге қайтаруы;
 - (xxii) осы Шартта, автокөлік құралын кепілге қою шартында және Қолданылатын заңнамада қарастырылған өзге жағдайларда;
- 5.4.7. Микронесие алушы және осы Шарттың талаптары туралы мәліметтерді, сондай-ақ ақпаратты (соның ішінде микронесиенің құпиясы, коммерциялық және Қолданылатын заңнама арқылы қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты), сонымен бірге Микронесие алушының жеке мәліметтерін кез келген үшінші тұлғаларға (ТФС келісім жасаған немесе келісім жасауды жоспарлаған коллекторлық компанияларды қоса алғанда) беруге, бұған Микронесие алушы өзінің шартсыз және қайтарылмайтын келісімін береді;
- 5.4.8. Микронесие алушының қосымша келісімінсіз, Қолданылатын заңнамаға сәйкес осы Шарт бойынша құқықтары мен міндеттемелерін, сондай-ақ Микронесие алушыға талап қою құқығын коллекторлық компанияларды қоса алғанда үшінші тұлғаларға шегініп беруге, бұған Микронесие алушы өзінің шартсыз және қайтарылмайтын келісімін береді;
- 5.4.9. осы Шарттың және автокөлік құралын кепілге қою шартының кез келген ережесі бұзылған жағдайда Кепіл нысанын алуға;
- 5.4.10. Микронесие алушы Кепіл нысанын сақтандыру бойынша міндеттемесін бұзған жағдайда Кепіл нысанын сақтандыруды өзінің қалауы бойынша кез келген сақтандыру компаниясында сақтандыруды жүзеге асыруға құқылы. Бұл ретте Микронесие алушы ТФС Кепіл нысанын сақтандырумен байланысты барлық шығыстарын өтейді;
- 5.4.11. Микронесие алушы осы Шарттың талаптарында қарастырылған Кепіл нысанын сақтандыру бойынша міндеттемелерін 30 (отыз) күнтізбелік күннен артық орындамаған жағдайда Микронесие алушыға бұл туралы жазбаша хабарлай отырып, осы Шартты мерзімінен бұрын бұзуды және (немесе) іс жүзіндегі несиелендіру мерзімі үшін тиесілі сыйақымен бірге Микронесиенің бүкіл қалған сомасын қайтаруды талап етуге құқылы. ТФС осындай хабарлама жолдаған жағдайда Микронесие алушы ТФС көрсетілген хабарламаны жолдау сәтінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей іс жүзіндегі несиелендіру мерзімі үшін тиесілі сыйақымен бірге микронесиенің бүкіл қалған сомасына қайтаруға міндетті.
- 5.5. ТФС өзіне Микронесие сомасын мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарған Микронесие алушыға Микронесиені мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін айыппұл санкцияларын қолдануға құқылы емес.

5.6. ТФС:

- 5.6.1. Несие кеңсесіне Микронесие алушыға қатысты кез келген мәліметтердің өзгертілу немесе қабылдану күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінің ішінде ақпаратты ТФС және Несие кеңселері арасындағы келісімшарттық қарым-қатынастармен белгіленген тәртіппен ұсынуға;
- 5.6.2. орналасқан жері немесе атауы өзгерген жағдайда бұл туралы осы Шартта белгіленген тәртіппен Микронесие алушыға оның байланыс мәліметтері бойынша осындай өзгерістер болған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарлауға міндеттенеді.

5.7. Осы құжат арқылы Микронесие алушы ТФС келесіні куәландырады және кепілдендіреді (Микронесие алушы ТФС осы Шартты келесі куәландырулармен кепілдіктерге сүйене отырып жасағанын мойындайды):

- 5.7.1. Микронесие алушыға осы Шартты жасасуға дейін танысу және таңдау үшін микронесиелендіру шарттары ұсынылды, олар өкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен бекітілген тәртіпке сәйкес Микронесие бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу барысында есепке алынатын комиссиялар мен өзге де төлемдерді алу қарастырылмаған. Сондай-ақ Микронесие алушыға ТФС сыйақы мөлшерлемесінен бөлеу Микронесиені берумен және оған қызмет көрсетумен байланысты және микронесие беру туралы шартта қарастырылған комиссиялар мен өзге де төлемдерді алу құқығын қарастыратын микронесиелендіру шарттары да ұсынылды;
- 5.7.2. Осы Шартты жасасуға дейін Микронесие алушыға танысуы және таңдауы үшін сараланған төлемдер әдісін, икемді төлемдер әдісін және аннуитеттік төлемдер әдісін қолдану арқылы есептелген Микронесиені Өтеу кестелерінің жобалары ұсынылды;
- 5.7.3. Микронесие алушыға Микронесиені алумен, қызмет көрсетумен және өтеумен (қайтарумен) байланысты төлемдер туралы ақпарат ұсынылды, және мұндай ақпарат толық және дұрыс болып табылады;
- 5.7.4. Микронесие алушыға Микронесие алуымен байланысты өзінің құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат берілді;
- 5.7.5. Микронесие алушы Микронесиелер беру ережелерімен танысты, оның ережелері оған түсінікті, сондай-ақ Микронесие алушы микронесиелер беру тарифтерімен де танысты;
- 5.7.6. Микронесие алушының осы Шартты жасасудан бас тартуға мүмкіндігі болды;
- 5.7.7. Микронесие алушының ТФС ұсынған бүкіл ақпараты шындыққа сай келеді және толық болып табылады;
- 5.7.8. Микронесие алушы құқықтық қабілетке және іс-әрекет қабілеттілігіне және осы Шартты жасасуға және орындауға бүкіл өкілеттікке ие;
- 5.7.9. Микронесие алушы өзінің бүкіл мүлкіне қатысты барлық бар берешектер мен ауыртпалықтар, үшінші тұлғалар тарапынан талаптар туралы ақпаратты ашты;
- 5.7.10. Микронесие алушының осы Шартты жасау сәтіне дейінгі үшінші тұлғалармен бар қатынастары кедергі болып табылмайды және Микронесие алушы үшін осы Шартты жасасуға қатысты шектеулерді қамтымайды;
- 5.7.11. осы Шарт бойынша ТФС тиесілі төлемдер басымдылығы Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған төлемдерді есептемегенде, үшінші тұлғалардың кез келген талаптарына қарамастан бірінші кезектік тәртіппен жүзеге асырылатын болады;
- 5.7.12. осы Шартты талаптарын орындамаған жағдайда Микронесие алушы Микронесие алушы жауап бермейтін және мұндай мән-жайлар ТФС үшін оның осы Шартта қарастырылған құқықтарын жүзеге асыруы үшін кедергі болып табылмайтын мән-жайларды қоса алғанда кез келген мән-жайларға сілтеме жасауға құқылы емес;

- 5.7.13. Микронесие алушыға оның қаржылық ахуалына және оның осы Шарт бойынша міндеттемелері бойынша жауап беру мүмкіндігіне елеулі жағымсыз әсер етуі мүмкін ешқандай мән-жайлар туралы белгілі емес;
- 5.7.14. Микронесие алушы Микронесие алушыға осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауға кедергі болуы мүмкін сот қарастыруларына қатыспайды;
- 5.7.15. Микронесие беру туралы шарт жүрілген Көлік құралына қатысты жасалған болса, Көлік құралына қатысты Қолайсыз жағдайлар жоқ және болашақта туындамайды;
- 5.7.16. Микронесие алушы немесе үшінші тұлға кепіл беруші ретінде осы Шартқа және автокөлік құралын кепілге қою шартына сәйкес жүрілген көлік құралын қосымша қамсыздандыру ретінде немесе Кепіл нысанының ауыстырылуы ретінде ұсынған жағдайда мұндай көлік құралына қатысты Қолайсыз жағдайлар жоқ және болашақта туындамайды;
- 5.7.17. Микронесие алушы Жалпы талаптардың 5.7 пунктіндегі куәландырулар мен кепілдіктер осы Шартты елеулі талаптары болып табылатындығын растайды. Жалпы талаптардың 5.7 пунктінде көрсетілген куәландырулар мен кепілдіктердің кез келгенінің бұзылуы осы Шарттың елеулі бұзылуы болып табылады және осы пункттегі куәландырулар мен кепілдіктер бұзылған жағдайда ТФС Микронесие алушыдан Микронесие бойынша тиесілі сыйақыны, өсімақылар мен айыппұлдарды төлеумен бірге берешегін мерзімінен бұрын өтеуін талап етуге, сондай-ақ Кепіл нысанын өндіріп алуға құқылы.

6. Микронесие шарттарын өзгерту

- 6.1. Осы Шартты жасасқаннан кейін 3 (үш) жыл өткеннен кейін мерзімі кешіктірілген берешек пен осы Шарттың ережелерінде қарастырылған өсімақы есептеулері бар болған жағдайда Тараптар Микронесие бойынша сыйақы мөлшерлемесін қайта қарастыруға құқылы.
- 6.2. Осы Шартты ережелері өзгерген жағдайда ТФС осы Шарттың ережелері өзгерген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде Микронесие алушыға немесе оның заңды/өкілетті өкіліне осы Шартқа қосымша келісімді және/немесе осы Шартқа қосымша келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жаңа Өтеу кестесін жолдайды.
- 6.3. Кешірек күнмен белгіленген жаңа өтеу кестесі төлемдер үшін негіздеме болып табылады, жаңа Өтеу кестесі ұсынылған сәттен бастап күшін жоғалтатын бұрынғы Өтеу кестесін ауыстырады. Бұл ретте жаңа Өтеу кестесі осы Шарттың 7.12 пунктіне сәйкес тиісті түрде ұсынылған деп қарастырылады. Микронесие алушы осы Шартты 7.12 пунктіне сәйкес хабарлама алған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күн өткенге дейін жаңа Өтеу кестесіне қол қоюдан жалтарған жағдайда Тараптар Микронесие алушының осы Шарттың талаптарының өзгерісін қабылдағанын растайды.

7. Жауапкершілік.

- 7.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін бұзғаны үшін осы Шартқа сәйкес және осы Шартта қарастырылмаған жағдайларда Қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес жауапкершілік көтереді.
- 7.2. Осы Шарт бойынша тараптардың жауапкершілігі және Микронесие алушының міндеттерін орындамаған немесе лайықты түрде орындамаған жағдайдағы ТФС тарапынан қолданылатын шаралар:
 - 7.2.1. Микронесие бойынша төлем өтеу мерзімін кешіктіргені үшін Микронесие алушы Микронесие бойынша мерзімі кешіктірілген соманың 0,5% (нөл бүтін оннан бес) пайыз мөлшерінде ТФС өсімақы және/немесе әр кешіктірілген күн үшін ол бойынша сыйақы төлейді, бұл орайда өсімақы сомасының мөлшері осы Шарт күшінде болатын әр жыл үшін берілген Микронесие сомасының көп дегенде 10% (он пайызын) құрайды. ТФС Микронесие бойынша мерзімі кешіктірілген берешек басталған күннен кейінгі келесі күннен бастап Микронесие алушы мерзімі кешіктірілген берешекті толық

өтеген күнге дейін, осы күнді қоса есептегенде, Микронесие және/немесе сыйақы бойынша өсімақы есептейді.

7.2.2. ТФС Микронесие алушының автокөлік құралына меншік құқығын растайтын құжаттарды және/немесе Микронесие алушының Көлік құралын Сатып алу-сату шарты бойынша төлемдер жасағанын растайтын төлем құжаттарын тексеру арқылы Микронесие*ні* мақсатты пайдалануына бақылау жасайды, ал Микронесие алушы көрсетілген құжаттарды ТФС көрсетілген құжаттарды ұсыну туралы сұраным берген сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде ұсынуға міндетті.

Осы орайда Микронесие алушы ТФС Микронесие мақсатты пайдаланбағаны үшін мақсатты пайдаланылмаған Микронесие сомасының 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Сонымен бірге Микронесие*ні* мақсатты пайдаланбаған жағдайда Микронесие алушы ТФС Микронесие бойынша негізгі берешек сомасын мерзімінен бұрын қайтаруға және Микронесие*нің* пайдаланылған бөлігіне осы Шарт бойынша Микронесие*ні* қайтару күніне сәйкес есептелген сыйақысын төлеуге міндетті.

7.3. Осы Шарт және автокөлік құралын кепілге қою шарты бойынша Кепіл нысанын сақтандыру талаптарын бұзғаны үшін, соның ішінде сақтандыру сыйлықақысын төлемегені (осы Шарттың бүкіл жарамдылық мерзіміне жасалған Кепіл нысанын сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының есебінен кезекті төлемді жүргізбеу) үшін Микронесие алушы сақтандыру талаптарын бұзған, соның ішінде сақтандыру сыйлықақысын төлеудің мерзімін кешіктірген әрбір күн үшін ТФС негізгі берешектің ағымдық сомасының 0,15% (нөл бүтін жүзден он бес пайыз) мөлшерінде төлейді.

7.4. Микронесие және сыйақы бойынша мерзімі кешіктірілген берешек бар болған жағдайда, сондай-ақ осы Шартта қарастырылған өзге жағдайларда ТФС Микронесие алушыға осы Шартта қарастырылған тәсілмен хабарлама жолдайды, Микронесие алушы хабарламада көрсетілген мерзім ішінде міндеттемелерін орындамаған жағдайда ТФС осы Шартта, автокөлік құралын кепілге қою шартында және Қолданылатын заңнамада қарастырылған тәртіппен Кепіл нысанын өндіріп алуға, сондай-ақ Микронесие алушыдан Микронесие бойынша тиісті сыйлықаларын, өсімақыларын мен айыппұлдарын төлеумен бірге берешегін мерзімінен бұрын өтеуін талап етуге құқылы.

7.5. Тараптар осы Шарт пен оның Қосымшалары Қолданылатын заңнама арқылы реттелетінімен келіседі.

7.6. Тараптар арасында өзара бітімге қол жеткізіле алмаған жағдайда осы Шарттан туындаған немесе онымен байланысты барлық даулар мен келіспеушіліктер Қолданылатын заңнамаға сәйкес ТФС орналасқан жері бойынша сотта шешілуі тиіс.

7.7. Тараптар осы құжат арқылы ТФС Микронесие алушыға осы Шартта қарастырылған құжаттарды ұсынуы туралы талапты осы Шарттың жарамдылық мерзімінің ішінде кез келген уақытта ТФС таңдауымен келесі тәсілдердің кез келгені арқылы жолдауға құқылы екендігімен келіседі және оны растайды:

- (i) Микронесие алушыға Микронесие алушының телефон нөміріне мәтіндік хабарлама түріндегі талап жолдау арқылы, және/немесе
- (ii) ортақ қолданыстағы ақпараттық-телекоммуникациялық желілерді, соның ішінде Ғаламторды пайдалана отырып Микронесие алушыға Микронесие алушының электронды поштасының мекенжайы бойынша электронды хабарлама жолдау арқылы, және/немесе
- (iii) талапты Микронесие алушының тіркелген мекенжайы, Микронесие алушының тұрғылықты жері бойынша табысталуы туралы хабарламасымен арнаулы хатпен жолдау арқылы, және/немесе
- (iv) талапты Микронесие алушыға тікелей табыстау арқылы, және/немесе
- (v) Микронесие алушыға ТФС талабы туралы Микронесие алушының телефон нөмірі бойынша ауызша хабарлау арқылы, және/немесе
- (vi) ТФС өз қалауы бойынша анықтайтын өзге кез келген тәсілмен.

- 7.8. Тараптар осы құжат арқылы Микронесие алушы осы Шарт бойынша ТФС талап еткен құжаттарды оларды қабылдап алғаны туралы кол қойдыра отырып іс жүзінде ТФС Өкіліне беру арқылы ұсынуға міндетті екендігімен келіседі және оны растайды.
- 7.9. Жалпы талаптардың 5.4.1-5.4.4 пункттерінде көрсетілген ережелер өзгерген жағдайда ТФС Микронесие алушыға ТФС таңдауы бойынша хабарлама жолдайды:
- (i) Микронесие алушыға Микронесие алушының телефон нөміріне мәтіндік хабарлама түріндегі тиісті ақпаратты жолдау арқылы, және/немесе
 - (ii) ортақ қолданыстағы ақпараттық-телекоммуникациялық желілерді, соның ішінде Ғаламторды пайдалана отырып Микронесие алушыға Микронесие алушының электронды поштасының мекенжайы бойынша электронды хабарлама жолдау арқылы.
- 7.10. Алда тұрған кезекті ай сайынғы төлемдердің мөлшері өзгерген жағдайда ТФС Микронесие алушыға осы Шарт бойынша алдағы ай сайынғы төлемдер туралы ақпаратты ортақ қолданыстағы ақпараттық-телекоммуникациялық желілерді, соның ішінде Ғаламторды пайдалана отырып Микронесие алушыға Микронесие алушының электронды поштасының мекенжайы бойынша электронды хабарлама түрінде жолдайды.
- 7.11. Жалпы талаптардың 5.4.1-5.4.4 пункттерінде көрсетілген ережелер өзгерген жағдайда ТФС Микронесие алушыға жоғарыда көрсетілген ережелердің өзгерісі туралы ақпаратқа қолжетімділігін Микронесие алушыға оның өтініші бойынша ақпаратты Дилердің орналасқан жері бойынша ұсыну жолымен қамтамасыз етеді.
- 7.12. Тараптар осы құжат арқылы ТФС келесі тәсілдердің бірімен Микронесие алушыға жолдаған хабарламалар:
- (i) Микронесие алушының телефон нөміріне мәтіндік хабарлама түрінде;
 - (ii) ортақ қолданыстағы ақпараттық-телекоммуникациялық желілерді, соның ішінде Ғаламторды пайдалана отырып Микронесие алушыға Микронесие алушының электронды поштасының мекенжайы бойынша электронды хабарлама түрінде, және/немесе;
 - (iii) Микронесие алушының тіркелген және/немесе тұрғылықты мекенжайына пошта қызметімен жолдаған болса, ТФС Микронесие алушыға жіберген кез келген хабарламасы лайықты түрде рәсімделген және Микронесие алушы оны алған болып есептелетінімен келіседі және осыны растайды.
- 7.13. Тараптар осы құжат арқылы:
- (i) алғандығы туралы кол қойылып, Дилер кеңсесінде орналасқан ТФС өкілінің қолына тапсыру;
 - (ii) шабармандық қызметімен ТФС орналасқан жерінің мекенжайына жіберу тәсілдерінің бірі арқылы жолданған болса, Микронесие алушының кез келген хабарламалары лайықты түрде рәсімделген және ТФС тарапынан алынған болып есептелетініне келіседі және растайды.
- 7.14. ТФС Микронесие алушы осы Шартқа сәйкес ТФС жазбаша хабарламаған Микронесие алушының байланыс деректерінің/деректемелерінің өзгеруінен туған, Микронесие алушының хабарламаны алмауы немесе уақтылы алмауы үшін жауапкершілік көтермейді.
- 7.15. Тараптар осы құжат арқылы Микронесие алушы хабарламаны жіберу және/немесе алу мақсатында қандай да бір жылдам байланыс құралын пайдалану бойынша бүкіл және кез келген тәуекелді (соның ішінде, бірақ бұнымен шектелмей, үшінші тұлғалардың кез келген қасақана әрекеттері, соның ішінде алаяқтық, жіберілген ақпаратты заңсыз пайдалану, сондай-ақ жылдам байланыс құралдарының, хабарлама беру үшін пайдаланылатын қызмет немесе жабдық жеткізушілерінің жұмысындағы қиындықтардан туған, Микронесие алушы/ТФС алғанға дейін осындай ақпараттан айрылу тәуекелін) өзіне қабылдайтынын растайды.
- 7.16. ТФС хабарламаны беру кезіндегі кез келген істен шығулар және/немесе оның көмегімен хабарлама берілуге және/немесе алынуға тиісті кез келген жабдықтың бұзылуы үшін жауапкершілік көтермейді.

- 7.17. Шығындар ТФС міндеттемелерін селқос орындау немесе қасақана орындамау нәтижесінен болғандығы дәлелденбесе, ТФС хабарламаны алмау/уақтылы алмау, үшінші тұлғалардың қиянатты әрекеттері нәтижесінде туындаған Микронесие алушының шығындарын қоса алғанда, бірақ бұнымен шектелмей, жылдам байланыс құралдарын қолданып хабарлама жіберумен байланысты Микронесие алушы көтеретін кез келген шығындар үшін ТФС жауапкершілік көтермейді.
- 7.18. Осы Шарт бойынша тараптың заңды мұрагері осы Шартта мазмұндалған талап қою құқықтары мен міндеттерді, соның ішінде ықтимал даулар мен келіспеушіліктерді реттеумен байланысты талап қою құқықтары мен міндеттерін өзіне тікелей қабылдайды.

